

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Грек Республикасының Үкіметі арасында
Білім және мәдениет саласындағы ынтымақтастық туралы келісім жасасу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 24 маусым N 691

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Грек Республикасының Үкіметі арасындағы Білім және мәдениет саласындағы ынтымақтастық туралы келісімнің жобасы мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі Шәмша

Көпбайқызы Беркімбаеваға Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан қағидатты сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат ете отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Грек Республикасының Үкіметі арасында Білім және мәдениет саласындағы ынтымақтастық туралы келісім жасасуға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Грек Республикасының

Үкіметі арасындағы Білім және мәдениет саласындағы

ынтымақтастық туралы Келісім

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Грек Республикасының Үкіметі

өзара түсіністік, достық негізінде білім және мәдениет саласында екі ел арасындағы ынтымақтастықты дамытуды ниет ете отырып,

мұндай ынтымақтастық жақсы өзара түсіністікке және түрлі деңгейлердегі қарым-қатынастарды нығайтуға ықпал ететіндігіне кәміл сеніммен,

төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Тараптар білім саласындағы ынтымақтастықты мынадай нысандарда жүзеге асыратын болады:

білім мәселелері бойынша ақпаратпен алмасу;

оқу материалдарымен және оқыту әдістемесімен алмасу, оқу

бағдарламаларын дамыту мен жетілдіруге жәрдем көрсету;

Тараптар мемлекеттерінің тілдері мен әдебиетін оқытуға және үйренуге жәрдем көрсету;

Тараптар мемлекеттері келіскен қаржы қаражаттары шегінде стипендиялармен алмасу.

2-бап

Тараптар мемлекеттерінің оқу және мәдениет орындары мен ұйымдары арасында білім және мәдениет саласындағы ынтымақтастықты орнықтыру мен дамытуға Тараптар ықпал ететін болады.

3-бап

Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдарына Тараптар мемлекеттері ұлттық заңнамасына сәйкес сертификаттарды, аттестаттарды, дипломдарды, ғылыми дәрежелер мен атақтарды тануына жәрдемдесу мақсатында Тараптар ақпаратпен және құжаттамамен алмасатын болады.

4-бап

Студенттермен, зерттеушілермен, ғылыми-педагог қызметкерлермен өзара алмасу Тараптар мемлекеттерінің мүдделі ұйымдары арасындағы шарттарға сәйкес жүзеге асырылатын болады, оларда Тараптар мемлекеттерінің жіберуші және қабылдаушы білім ұйымдарының құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі белгіленеді.

5-бап

Тараптар мәдениеттің өзара қызығушылық тудыратын салаларында ынтымақтастықты, атап айтқанда мыналарды көтермелей отырып, дамытатын болады:

театр, музыка ұжымдарымен, сондай-ақ жекелеген солистермен алмасу;
мәдениет пен өнер саласында сарапшылармен алмасу;
кинематография саласындағы ынтымақтастық, атап айтқанда,
кинофильмдермен алмасу, бірлескен түсірілімдер;

Тараптардың бірі ұйымдастыратын халықаралық фестивальдарға қатысу;
халық шығармашылығының көркемөнер көрмелерімен алмасу;
әдебиет саласындағы ынтымақтастық.

6-бап

Тараптар мемлекеттерінің мұражайлары, кітапханалары мен мұрағаттары арасындағы ынтымақтастық пен ақпарат алмасуды Тараптар көтермелейтін болады.

7-бап

Тараптар мемлекеттерінің тиісті мемлекеттік және қоғамдық ұйымдары жекелеген мамандарының қатысуымен Тараптар мәдени мұраны сақтау мәселелері жөнінде семинарлар мен симпозиумдар ұйымдастыратын болады.

8-бап

Тараптардың бірі ұйымдастыратын мәдениет мәселелері жөніндегі халықаралық конференцияларға, кездесулер мен конкурстарға Тараптар өз өкілдерінің қатысуына жәрдем көрсететін болады.

9-бап

Тараптар мәдениет қайраткерлерімен кездесулер өткізуді және алмасуларды, көркемөнер білімі саласында тәжірибе және мамандар алмасуды, сондай-ақ бірлескен мәдени бағдарламаларды көтермелейтін болады.

10-бап

Тараптар осы Келісімді орындау мақсатында Тараптар мемлекеттерінің өкілдерінен тұратын бірлескен комиссия (бұдан әрі - Комиссия) құрады. Комиссия осы Келісімді қолдануға байланысты мәселелерді қарайды, ынтымақтастықтың егжей-тегжейін, сондай-ақ олардың қаржылық жағдайын әзірлейтін болады.

Комиссияның мәжілісі әрбір үш жылда кезекпен Астана және Афины қалаларында өтеді.

11-бап

Осы Келісім оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді

Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламаны алған күнінен бастап күшіне енеді.

Осы Келісім бес жыл мерзімге жасалады және егер Тараптардың бір де бірі кезекті бес жылдық мерзімнің бітуіне дейін алты ай бұрын, оның қолданылуын тоқтатпақ өз ниет туралы екінші Тарапқа жазбаша хабарлама жолдамаса, келесі бес жыл мерзімге ұзартылатын болады.

Астана қаласында 2002 жылғы " ____ " _____ қазақ, грек, орыс және ағылшын тілдерінде әрқайсысы екі түпнұсқа данада жасалды, әрі барлық мәтіннің күші бірдей. Осы Келісім ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған ретте Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін

Грек Республикасының
Үкіметі үшін

Мамандар:

Багарова Ж.А.,
Шарипова М.Е.